



**ТЕКСЕРІЛДІ**

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі

 Сарсенова Г.А

**КЕЛІСІЛДІ**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

 Аймурзина Г.А



**БЕКТЕМІН**

Фариза Оңғарсынова атындағы

№ 41 мектеп – гимназия директоры

Абдығалиева Г.Б

«6» тамыз 2023 жыл

**Фариза Оңғарсынова атындағы № 41 мектеп – гимназиясының  
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша  
6 «В» сыныбының 2023 – 2024 оқу жылына арналған  
тәрбие жоспары**

Ақтөбе, 2023ж

## ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаһырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:** 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:** 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.



**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:** - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирас, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Өдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:** - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командалық жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:** - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

### ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожса Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>				
1	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	01.09.2023
2	«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы	5 қыркүйек тілдер мерекесіне орай «Тіл мерейі, ел мерейі» Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	04.09.2023
3	«Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы	«Отбасым – алтын қазынам» Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	11.09.2023
4	«Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы	«Мектеп – мейірбандық мекені» Әдеп нормаларын ұстану;	Сынып жетекші Амирова Э.А. мектептің әлеуметтік педагогы Кайырбаева Г.	18.09.2023



5	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» Салауатты өмір салтын ұстану;	Сынып жетекші Амирова Э.А., мектеп инспекторы Қожабеков Б.Ж.	25.09.2023
---	------------------------------------	--	--	------------

### ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН)</b>				
1	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Қарттарым- асыл қазынам» Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	02.10.2023
2	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» Адал еңбекті құрметтеу;	Сынып жетекші	09.10.2023

3	«Балалар кітапханасы» жобасы	«Бір отбасы – бір кітап» Ұлттық мәдениетті дәріптеу;	Амирова Э.А. Сынып жетекші Амирова Э.А. Мектеп кітапханашысы	16.10.2023
4	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» ЖЖЕ «Жолда жүру ережесі – заңды тәртіп» Салауатты өмір салтын ұстану;	Сынып жетекші Амирова Э.А., Мектеп медбикесі Шынбаева Р.	23.10.2023

#### ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>				
1	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	06.11.2023
2	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Ұлы дала перзентімін» Қоғам игілігі үшін қызмет ету;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	13.11.2023
3	«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы	«Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» Салауатты өмір салтын ұстану; Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Сынып жетекші Амирова Э.А. Мектеп инспекторы	20.11.2023



4	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Оян, ар мен адалдық» Әдеп нормаларын ұстану;	Қожабеков Б.Ж. Сынып жетекші Амирова Э.А.	27.11.2023
---	-------------------------------	--	---	------------

**ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»**

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>				
1	«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы	«Тарих пен тілтамырлас» Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	04.12.2023
2	«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы	«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» Қоғам игілігі үшін қызмет ету; ЖЖЕ «Көшеде және жолда оқушылардың мінез-құлық ережелері» Салауатты өмір салтын ұстану;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	11.12.2023
3	«Балалар кітапханасы» жобасы	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	18.12.2023
4	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Таным. Тағылым. Тәрбие» Сөзіне берік, ісіне адал болу; Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;	Сынып жетекші Амирова Э.А.. мектеп психологы Абдысаликова М.Н.	25.12.2023

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>				
1	«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы	Туған өлке ақындарының шығармалары Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;	Сынып жетекші Амирова Э.А. Мектеп кітапханашысы	08.01.2024
2	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Парасаттылық туралы» Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	15.01.2024
3	«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	22.01.2024
4	«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы	«Жаяу және вело жүргізуші тәртібі қандай?» Салауатты өмір салтын ұстану; Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	29.01.2024

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>				
1	«Балалар кітапханасы» жобасы	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	05.02.2024
2	«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету.	Сынып жетекші Амирова Э.А.	12.02.2024



		Кибербуллинг туралы ескерту Дұрыс қарым-қатынас орната білу; Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;	Мектеп психологы Мақсымберген Ж.	
3	«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы	«Сен және Заң» Әдеп нормаларын ұстану; Сөзіне берік, ісіне адал болу; ЖЖЕ «Жолда және көлікте қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері» Салауатты өмір салтын ұстану;	Сынып жетекші Амирова Э.А. Мектеп инспекторы Қожабеков Б.Ж.	19.02.2024
4	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» Физикалық белсенді болу; Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	26.02.2024

#### НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>				
1	«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы	«Ізгіліктің бір ізі -алғыс айту» Әдеп нормаларын ұстану; Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	04.03.2024
2	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» Отбасының, өз ортасының абыройын асыру;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	11.03.2024
3	«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы	«Таным. Тағылым. Тәрбие» Әдеп нормаларын ұстану; Сөзіне берік, ісіне адал болу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	18.03.2024

		ЖЖЕ «Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері» Салауатты өмір салтын ұстану;	Мектеп медбикесі Шынбаева Р.	
--	--	--	---------------------------------	--

**СӘУІР- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы**

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>				
1	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Ұмыт болған ұлттықтағамдар» Дұрыс қарым-қатынас орната білу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.. мектеп әлеуметтік педагогы Кайырбаева Г.	01.04.2024
2	«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы	«Жолда жүру ережелерінің негіздері» Салауатты өмір салтын ұстану; Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Сынып жетекші Амирова Э.А., мектеп инспекторы Қожабеков Б.Ж.	08.04.2024
3	«Еңбегі адал жасөреп» жобасы	«Достық – көмекпен мықты» Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;	Сынып жетекші Амирова Э.А. Мектеп психологы Абдысаликова М.	15.04.2024
4	«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	22.04.2024
5	«Ата-аналар мектебі» жобасы	«Тиімді әрі пайдалытамақтану негізі» Дұрыс қарым-қатынас орната білу;	Сынып жетекші Амирова Э.А. Әлеуметтік педагог Кайырбаева Г.	29.04.2024



### МАМЫР – БЕЙБІТШЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>				
1	«Жеткішіектің Жеті Жарғысы» жобасы	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	06.05.2024
2	«Жеткішіектің Жеті Жарғысы» жобасы	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» Қоғам игілігі үшін қызмет ету;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	13.05.2024
3	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	«Менің гүлзарым» Адал еңбекті құрметтеу;	Сынып жетекші Амирова Э.А.	20.05.2024